

**Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысында локомотив тартымы операторының шығындарын ұзақмерзімді субсидиялау көлемін анықтау әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 сәуірде № 20468 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.12.2020 бастап қолданысқа енеді**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы "Теміржол көлігі туралы" Заңының 14 бабы 2 тармағы 33-2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысында локомотив тартымы операторының шығындарын ұзақмерзімді субсидиялау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. 2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап осы бұйрық қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 19.08.2020 № 436 (01.07.2020 ж. қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

**Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысында локомотив тартымы операторының шығындарын ұзақмерзімді субсидиялау көлемін анықтау әдістемесін бекіту туралы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартым операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялаудың көлемдерін айқындау әдістемесі (бұдан әрі – әдістеме) "темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 2-тармағының 33-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартым операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялаудың көлемдерін айқындайды.

2. Әдістемені қолданудың негізгі принциптері:

- 1) жолаушылар темір жол тасымалының Әлеуметтік және стратегиялық маңызы;
- 2) жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыру.

3. Осы Әдістемеді келесі ұғымдар қолданылады:

1) Жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторы – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде жолаушылар тасымалдары үшін пайдаланылатын тартқыш көлік құралына (локомотивке) иелік ететін, оны күтіп-ұстауды, пайдалануды қамтамасыз ететін тұлға;;

2) Тасымалдаушы-жүктерді немесе жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген, тартқыш Көлік құралдарын қоса алғанда, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде жылжымалы құрамды иеленетін тұлға;;

3) уәкілетті орган - темір жол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

4. Әдістеме бойынша есептеулер уәкілетті органмен жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартым операторын субсидиялау бағдарламасы шеңберінде бюджеттік өтінімді ұсынған кезде есеп айырысуларды негіздеу үшін қолданылады.

**2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау**

5. Жолаушылар қозғалысында локомотивтік тартым ұсыну қызметтері үшін шығыстарды есептеу 2-кезең формулалары бойынша айқындалады:

1-кезең: пойыз бойынша қызметтердің құны:

$R_{\text{лок}} = V_{\text{теп.лок.сағат}} * (R_{\text{теп.лок.сағ.пред.}} - R_{\text{теп.лок.сағ.отпуск.}}) + V_{\text{элек.лок.сағат}} * (R_{\text{элек.лок.сағ.пред.}} - R_{\text{элек.лок.сағ.отпуск.}})$

онда:

$R_{\text{лок-поезд}}$  бойынша локомотивтік тартым қызметтері үшін шығыстар;

$V_{\text{теп.лок.сағат-тепловоз}}$  тартымының жоспарланған Локомотив-сағаттарының саны ;

$R_{\text{теп.лок.сағ.пред.}}$  - тепловоз тартымы қызметі үшін шекті баға бойынша тариф, теңге;

$R_{\text{теп.лок.сағ.отпуск.}}$  - жолаушылар қозғалысындағы тасымалдаушы мен локомотивтік тартқыш операторы арасындағы Шарттың талаптарында айқындалған босату бағасы бойынша тепловоз тартымы қызметтері үшін тариф, теңге;

$V_{\text{элек.лок.сағат-электровоз}}$  тартымының жоспарланған Локомотив-сағаттарының саны;

$R_{\text{элек.лок.сағ.пред.}}$  - шекті баға бойынша Электровозды тартым қызметі үшін тариф, теңге;

$R_{\text{элек.лок.сағ.отпуск.}}$  - жолаушылар қозғалысындағы тасымалдаушы мен локомотивтік тартқыш операторы арасындағы Шарттың талаптарында айқындалған босату бағасы бойынша Электровозды тартым қызметтері үшін тариф, теңге;

2-кезең: вагон түрлері бойынша қызметтердің құны:

$R_{\text{лок.ваг.}} = R_{\text{лок}} / V_{Q_{\text{иваг-км.поезд}}} * V_{Q_{\text{иваг-км.ваг.}}}$

онда:

$R_{\text{лок.ваг.}}$  - поезд құрамында жүретін вагондардың I-типi немесе тобы бойынша қызметтердің құны, теңге;

$R_{\text{лок-поезд}}$  бойынша қызметтердің құны, теңге;

$V_{Q_{\text{иваг-км. поезд-поездың}}}$  Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жоспарланатын кезеңге жүрісі, ваг / км;

$V_{Q_{\text{иваг-км. ваг.}}}$  - Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жоспарланған кезеңге поезд құрамында жүретін тиісті вагонның жүрісі, ваг / км.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.12.2021 № 679 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемі

осы Әдістеменің 5-тармағына сәйкес қызметтерге есептелген шығыстарды негізге ала отырып айқындалады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.12.2021 № 679 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.12.2021 № 679 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.